



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ, 4-ТОМ. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Кьеркегордың этикасы мен діни
ұстанымы



Шопенгауэр Франкфуртта «Ерік және идея ретіндегі әлем» еңбегін жариялап жатқанда, Копенгагендегі даниялық философ мүлде басқа метафизикалық негізді арқау еткен осыған ұқсас аскетизмге арнаған трактаттар топтамасын шығарды. Бұл философ – 1813 жылы тағдыры ауыр және қайғылы отбасында дүниеге келген Серен Обю Кьеркегор еді. Оның анасы мен алты бауыры ол кәмелет жасқа толмай тұрып дүние салды, сондықтан әкесі өзін жас кезінде қой бағып жүріп Құдайға тіл тигізгені үшін қарғыс алғанмын деп есептеді. 1830 жылы теологияны игеру үшін Копенгаген университетіне аттандырылған Кьеркегор, Шопенгауэр сияқты, Гегель философиясымен танысып, оны жек көрді. Теология оның көңілінен шықпады, бірақ 1838 жылы «айтып жеткізу мүмкін емес бір шаттанып, шабыттанған» мистикалық тәжірибені бастан өткізген соң, оның дүниетанымы діни өзгеріске ұшырады. 1840 жылы ол Регина Олсенмен некеге тұруға уағдаласты, бірақ бір жылдан соң бұл қатынасын үзді, себебі өзінің және өз отбасының өмірбаяны оны неке құруға жарамсыз етті деп шешті. Бұдан былай ол өзін философ болуды таңдаған адаммын деп санады.

1841 жылы Сократ ирониясы тақырыбын зерттеген диссертациясын аяқтаған соң, Кьеркегор Берлинге жол тартып, онда Шеллингтің дәрістерін тыңдады. Оның неміс идеализміне деген жеккөрушілігі одан сайын арта түсті; бірақ оның Шопенгауэрден айырмашылығы мынада еді: ол неміс идеализмінің кемшілігі – нақты адамды жете бағаламауында деп есептеді. Шопенгауэр сияқты, ол да өз оқырмандарына ерекше бір рухани жолды сызып берді, бұл жол қу дүниеден бас тартумен аяқталады. Алайда оның нұсқасы бойынша, даралықтан бас тартудан алыс жатқан осы жолдағы әрбір келесі саты – адамның бірегей жеке тұлғасының нығая түсу кезеңі.

Кьеркегор өмір бойы отбасын құрмай кетті. Ол ішкі еркіндік сезімін, жан бостандығын өте жоғары қойып, әдеттегі өмірлік игіліктерді елемейтін. Шопенгауэр денсаулық мәселесін бірінші орынға қойды. Өз пікірін айтуға келгенде өте өткір ұстанымды байқататын. Шопенгауэр басқа адамдарға келгенде өте күмәншіл еді. Неміс тілінен бөлек, ол латын, ағылшын, француз, итальян және испан тілдерінде еркін сөйлейтін. Шығармашылық жұмыспен Шопенгауэр, әдетте, өзінің екі бөлмелі пәтеріндегі кабинетте айналысатын.

Кьеркегордың жүйесі 1843 жылдан 1846 жылға дейінгі аралықта түрлі лақап атпен жарияланған еңбектерінің топтамасында баяндалды. 1843 жылғы «Әлде/Немесе» атты еңбегі екі түрлі өмірлік ұстанымды қарастырады: бірі – эстетикалық, екіншісі – этикалық. Адам тобырдың мүлтіксіз мүшесі болатын бастапқы сатыда эстетикалық өмір – адамның өзін-өзі жүзеге асыруының бірінші кезеңі. Эстет адам ләззат алуды мақсат тұтады, бірақ мұны талғаммен және кербездікпен іске асырады. Оның мінез-құлқының айтарлықтай ерекшелігі – ол жеке басының болсын, әлеуметтік немесе ресми болсын жауапкершілікті мойнына алмауға тырысады, себебі бұл оған бірден тартымды болып көрінген кез келген нәрсені иемдену мүмкіндіктерін шектейді. Есейген сайын мұндай адам өзіне аяқ астынан қажет бола қалатын бостандықты талап ету, шын мәнінде, оның құзыреттіліктерін шектеу екенін түсінеді. Осылай болған жағдайда ол этикалық сатыға көтеріледі, яғни әлеуметтік институттардағы өз орнын тауып, солардан туындайтын міндеттемелерді мойнына алады. Алайда ол адамгершілік заңын орындауға қаншалықты тырысса да, оған шамасы жетпейтінін түсінеді. Құдайдың алдында оның ісі әрдайым дұрыс емес болып саналады.

Діни сатыға көтерілу үшін адам эстетикалық және этикалық өмірлік ұстанымдардан асып түсуі тиіс. Осы көзқарас оның кейінгі жылдары лақап есіммен жарық көрген: 1843 жылы – «Үрей және қобалжу», 1844 жылы – «Алаңдаушылық тұжырымдамасы» және 1845 жылы – «Өмірлік жол кезеңдері» шығармаларында әртүрлі сипатталады. 1846 жылы жарияланған ауқымды «Қорытындылаушы ғылыми ПостСкрипт» туындысы – осы топтаманың шарықтау шегі, оның басты ойы мынада: сенім, гегельшілдер айтқандай, қандай да бір объективті пайымдаулардың нәтижесі емес.

Этикалық ұстанымнан діни сатыға өту «Үрей және қобалжу» шығармасында айқын сипатталады, бұл еңбектің оқиға желісі Құдайдың Авраамға ұлы Исаакты құрбандыққа шалуға қатысты бұйрығы туралы інжілдік хикая төңірегінде өрбиді. Сократ сияқты этикалық кейіпкер өз өмірін әмбебап моральдық заң жолында құрбан етеді; ал Авраам моральдық заңды Құдайдың жеке бұйрығына бағына отырып бұзады. Кьеркегор мұны «этикалық ұстанымды теологиялық тежеу» деп атады. Егер бір адам моральдық заңды бұзғысы келгенін сезінсе, ешкім оған мұның – жәй ғана нәпсіқорлық па, әлде Құдайдың бұйрығы ма екендігін ажыратып



айта алмайды. Ол мұны өзі де білмейді, әрі өзіне-өзі дәлелдеп бере алмайды: ол шешімді соқыр сеніммен қабылдауы тиіс.

1848 жылғы екінші мистикалық тәжірибесінен кейін Кьеркегор жазудың біршама ашық әдісіне көшіп, өз атынан «Жүрек тазалығы – бір нәрсені ғана қалау» (1847) және «Махаббат ісі» (1847) сияқты бірқатар христиандық дәрістер мен шығармаларды жариялады. Бірақ сенім – торығудың жалғыз баламасы және өз «Меніңді» немесе шынайы болмысыңды барынша танытудың міндетті шарты деп түсіндіретін «Өлімге дейінгі сырқат» атты еңбегін паш еткенде, ол лақап атына қайта жүгінді.

Кьеркегордің өмірінің соңғы кезеңінің басым бөлігі ресми Дания Шіркеуімен арадағы тартыспен өтті, философтың өзі бұл мекеменің аты ғана христиандық деп есептеді. Ол епископ Дж.П. Мюнстерді қатты сынға алып, 1854 жылы Мюнстер дүниеден озған соң оны тас-талқан етіп сынаған мақаласын жария етті. Кьеркегор тоғыз нөмірі жария болған «Мезет» атты антиклерикалық басылымның негізін қалап, өз есебінен қаржыландырды. Осыдан соң көп ұзамай ол көшеде талып қалып, бірнеше апта төсек тартып ауырды да, 1855 жылы қарашада дүниеден өтті. Өзінің қалауына және немере інісінің қарсылығына қарамастан, ол шіркеу рәсіміне сай жерленді.

Кьеркегордың көптеген философиялық еңбектері адамның қалай «жеке тұлға» ретінде өмір сүруі мәселесіне қаратылды. Ол нақты адамның нақты шындығына абстракт ой жүгіртуге назар аударады және жеке адамның таңдауы мен міндетіне айырықша ой салады. Ол өз дәуірінің идеалист оқымыстылары мен философтарын әдеби тілмен аяусыз сынады. Сведенборг, Гегель, Гете, Фихте, Шеллинг, Шлегель және Ханс Кристиан Андерсен қатарлылар бұл «ізденушіге» әлдеқашан «түсінікті» болды.

Кьеркегордың теологиялық жұмысы христиандық этикаға бағытталған болып, шіркеулік сенім мен жеке адамның өз алдына жеке сенімі ортасындағы айырмашылықты анықтап, алдыңғысына аяусыз сын айтып, кейінгісін жалғыздықтан құтылудың жалғыз негізі етіп көрсетеді. Адам мен Тәңірі ортасындағы шексіз мәндік айырмашылыққа анықтама береді, Тәңіріге бейне Ибраһим, не Иса секілді жеке-оқшау берілген сенімді дәріптейді, христиан шіркеулеріне, әсіресе Дания шіркеуіне ауыр сын айтады.

Оның психологиялық еңбегі маңызды таңдау жасау сәтіне бетпе-бет келушінің сезімі мен түйсігінің өзіне тән сипатын суреттеуге арналады.

Кьеркегордың алғашқы шығармалары сол кездегі маңызды дүниетанымдық ұстанымдар арасындағы кешенді пікірлесу ретінде түрлі бүркеншік атпен жазылады. Ол күрделі мәселелерді алуан қырынан зерделеп, әр қырын зерттеуді әртүрлі бүркеншік атпен ұсынады. Ол негіздік баяндау (Urbuilding Discourses) шығармаларына өз атын берген және оларды оның жұмысының мағынасына бойлаған жеке тұлғаға (single individual) арнадым деп есептеген. Әсіресе ол былай деген болатын: ғылым мен пән объектіге айналдыру жолын үйретуге тырысады. Ал, дін (христиандық) болса, бізді субъективизмге және субъектіге өзгеру жолын үйретеді.

Ғалымдар дүниені күзетуді үйреткенімен, бірақ Кьеркегордың ойынша олар рухани дүниенің ішкі жұмысын көрсетіп бере алмайды.

Кьеркегор идеясын игерудің кілті «субъективті ақиқат», «сенімнің жауынгер серісі», естелік пен қайталаудың дихотомиясы, абыржу, Шексіз сапалық айырмашылық, Құмарлық ретіндегі сенім, өмір жолының үш сатысы қатарлы ұымдарды түсінуде жатыр.

Кьеркегор шығармалары алғашында Дат тілінде және кейбір скандинавия халықтары тілінде жарияланады. XX ғасырдың басында оның еңбектері негізгі еуропалық тілдерге – француз және неміс тілдеріне аударылды. XX ғасырдың орта шенінде оның еңбектері батыс мәдениетіне, әсіресе философия мен теологияға күшті әсер ете бастады.

Ол сыртқы әлемге сілтеу мен таянудағы әрекетке қарсы (мұндай эстетикалық мінез бола алады), ол өз алдындағы ішкі, яғни эстетикалық жауапкершілікке сенбей, индивид өзінің жеке басын тәңірдің еркіне беруді ұсынады. Ол Кьеркегор үшін бұл өмір діни және парадоксальді. Осылай бола тұрып, ол христиан халқының дінін толық теріске шығарды. Оның ойынша экзистенциалды ойлау, яғни абсолюттікке сәйкес өмір сүру, азапты өлім төнетін болса да христиан ақиқатына шексіз сену.

Шопенгауэрдің сапалық диалектикасы Құдайға деген көзқарас арқылы анықталатын иррационалды болмысты жеке тұлғаның негізі ретінде қарастырды. Жоғарыда атап өтке-



німіздей, Құдайға ұмтылу жолында адам өз болмысының үш кезеңінен өтеді. Біріншісі – эстетикалық кезең, яғни адамның тек бір мезеттік сезімдермен өмір сүруі. Екіншісі – эстетикалық кезең – бұл жерде адам болашағын ойлай бастайды. Үшіншісі – діни кезең, яғни бұл жерде адам мәңгілік болмысты басты орынға қояды. Эстетикалық деңгейде адам торығу мен қанағатсыздықтың кесірінен өз өмірінің мәнін іздеу мен танудан бас тартып, нәтижесінде өз болмысының толыққандылығын ұғыну мен эмоциялы рақаттануға бөленеді. Бірақ бұл әлі шынайы торығу емес. Шынайы күйзеліс этикалық деңгейде ғана келеді. Осы күйзеліс адамды діни деңгейге жетелеп, адам өз болмысының діни мәнін ұғынады. Эстетикалық өмір дегеніміз – мезеттік нәрселерден басқа ештеңені ойланбай, ең алдымен өзінің тәндік, сезімдік қалауларын қанағаттандыруды бірінші орынға қойып, өз болмысының салдарын ысырып тастап тіршілік етуі. Бұл деңгейден шықпаған адам ешқашан өзін бір рух ретінде сезінбейді, ол Құдайдың бар екендігін байқамайды да, оны тереңінен ұғынбайды да. Бұл деңгейде адамдар рухани дүниені емес, тәндік табиғатты көбірек бағалайды. Осыдан шығатыны – денсаулыққа өмірдегі ең жоғары құндылық ретінде қарау. Осыған ұқсас, бірақ біршама талғампаз ұстаным – сұлулықты, әсемдікті өмірдегі ең құнды нәрсе санау. Эстетикалық деңгейдегі адамдар өз қалауларын орындау мақсатымен өмір сүреді, бірақ шындап келгенде, қалаулары расымен де орындалатын адамдар өте аз. Ал қалаулары орындала бермейтін, бірақ көп нәрсені аңсайтын адамдар жетіп артылады: олар өмірдегі сыртқы жағдайлар қолайлырақ болса, көп нәрсені жүзеге асыратынын айтудан талмайды. Өзінің табиғатын, болмысының мәнін түсінбеу адамды бүлдіреді. Осының кесірінен қаншама адамның өмірі бос өтіп жатыр, деп күйінеді Шопенгауэр. Сыртқы талаптарды бетке ұстап өмір сүретін адам үнемі алаңдаумен, өз-өзімен келісе алмай, алдағы белгісіз келешектен үрейлене тіршілік етеді. Оның адами болмысы одан рухани асқақ болуды талап етеді. Адам таңдау жасауы тиіс: ештеңенің байыбына бармай, өмірден эстетикалық ләззат алумен шектеліп, күнделікті күйбең тіршілікпен өмірді өткізу ме, әлде өзінің шынайы болмысын танып, адамгершілік пен игілікті бетке ұстап, алға ұмтылу ма? Егер адам екінші жолды таңдаса, ол күйзеліске тап болады. Күйзеліс – өзін-өзі жұбату немесе жай ғана бір уақытша күй емес, бұл адам жанының барлық қуатын іске қосып, жаңа деңгейге өтуді қамтамасыз ететін рухани дайындалу әрекеті. Осының арқасында адам бұл әлемнен басым болып, оған деген тәуелділіктен құтылады. Осындай ішкі күйзелістің дәмін татпаған адам өмірдің шынайы мәнін ұғына алмайды. «Күйзеліске бой алдыр, – дейді Кьеркегор, – сонда сен қоршаған әлемді алдамайтын боласың, бұл әлемнің пайдасыз бір жатып ішер тұрғыны болмайсың». Адам күйзеліс арқылы өзін күнделікті қу дүниелік заттардан азат етіп, абсолютке ұмтылған тіршілік иесі болуды таңдайды. Жан күйзелісі – адамның ішкі рухани табиғатының ашылуы.

Жалпы Кьеркегордың философиясы түгелдей – мүмкіндік үшін жанкешті бір күрес сияқты. Мүмкіндік болмаса, барлық нәрсе міндетті яки қажетті болады да, демек, адамның бостандығы, еркі, құтқарылуы туралы әңгіменің бәрі бос сөзге айналады. Барлық нәрсе мәңгісіз болып кетеді.

Еріктің мүдделері – күнделікті, практикалық мүдделер, осы мүдделерді қанағаттандыру – ғылымның мақсаты. Танымның одан жоғары түрі – оған жеткізетін ғылым емес, интуицияға арқа сүйейтін өнер түрлері.

Шопенгауэр еркіндік пен қажеттілік туралы ілімді жүйелеп шықты. «Өзіндік-зат» болып табылатын ерік – барлық сыртқы ықпалдардан азат нәрсе, ал құбылыстар әлемі қажеттілікпен шектеледі және жеткілікті негіз заңына бағынады. Зұлымдықтан құтылудың жолы – бұл аскетизм. Шопенгауэр зорлық-зомбылықты қолданатын полицейлік мемлекеттің жақтасы болды.

Шопенгауэрдің айтуынша, барлық құбылыстарды өмірге деген құлшыныс, ерік ретінде қабылдауға болады. Бұл жердегі ерік дегеніміз – универсалды-космостық феномен, ал табиғаттағы күштердің барлығы – еріктің көріністері. Кез келген дене – «еріктің объективті көрінісі», жануарлардың инстинктері мен жұлқынуы да – еріктің әрекеті. Сайып келгенде, адамның өзі – еріктің бір көрінісі, оның табиғаты рационалды емес, иррационалды. Ақыл-ой еріктен төмен тұрады, оның шығу тегі де – осы ерік. Әлем дегеніміз – ерік және оның құлшыныстары. Барлық нәрсенің бәрі, соның ішінде адам да – еріктің үнемі айналып тұратын бір дөңгелегіне байланып тұрады.



Оптимизм – адамдарды келеке ету, себебі біз әлемдердің ең нашарында өмір сүреміз. Азапты, қиналуды жою мүмкін емес – біз өмір сүргіміз келеді, сол арқылы өзімізді азапқа саламыз. Аскетизм – азаптанудан, зұлымдықтан, жамандықтан құтылу жолы, ол арқылы адам өз бойындағы зұлым ерікті басады, бірақ одан толығымен құтылудың жалғыз жолы – дененің өлімі. Шопенгауэрдің бұл идеялары үнді философиясынан бастау алады. Бірақ аскетизм – Еріктен босанудың жалғыз жолы емес. Мұны эстетикалық бақылау арқылы да іске асыруға болады. Өнерге берілгенде субъект өзін ұмытып, объектіге толығымен сіңіп кетеді. Ол өзінің менмендігін, өз қалауларын, яки өз еркін бір сәт ұмыт қалдырады.

Шопенгауэрдің пікірінше, адам іс-әрекеттерінің үш басты себебі бар: 1) ашу-ыза немесе зұлымдық 2) эгоизм және 3) жан ашырлық. Осы үшеуінің соңғысы ғана моральдық себеп. А және В деп аталатын екі жас жігітті елестетіп көрелік, олардың екеуі де өздерінің ғашықтарын қызғанып, бәсекелесін өлтірмек болды делік. Бірақ екеуі де артынша бұл райынан қайтты деп елестетейік. А деген жігіт өзінің осындай зұлымдықтан бас тартуын Кантты, Фихтені, Адам Смитті, Спинозаны оқығандығымен түсіндіреді, ал В деген жігіт болса, жай ғана қарсыласын аяп кетті десек, Шопенгауэрдің ойынша, бұл жағдайда В деген жігіттің себептері әлдеқайда адами және адал болады. Адамға жанашырлық танытуды Шопенгауэр моральдық іс-әрекеттің психологиялық және метафизикалық негіздемесі ретінде түсіндіреді. Егер бақыт дегеніміз – мифтен шыққан химера болса, онда ойдан шыққан игілікке ұмтылу өмірге деген құлшыныспен байланысты елестегі игілікке ұмтылу моральдық қозғаушы күш бола алмайды. Метафизикалық көзқарас тұрғысынан да жанашырлық іс-әрекеттің жалғыз себебі болуы мүмкін. Өз-өзінен жатсынуға жетелейтін әрекеттік жанашырлық бізді өз-өзімізден және өз игіліктерімізден бас тартып, оны басқа адамның игілігі үшін құрбан етуге итермелейді. Осы арқылы біз өзіміздің және басқаның «Мені» арасындағы эмпирикалық шектеулерді жоямыз, яғни басқа адамға қарап отырып, «бұл мен ғой» дейміз. Жанашырлық таныту арқылы біз осы әлемнің біртұтас болмысын ұғынып, сан-алуан тіршілік иелерінің ортақ бір ерікке бағынатындығын байқаймыз.

Шопенгауэрдің негізгі идеялары оның өмірінің соңғы шағында-ақ өте танымал бола бастады. Оны адамдар тани бастады, шәкірттері соңынан ерді, түрлі кітаптары жарық көре бастады. Әлем өзгеріп жатты, ал адамдар Шопенгауэрдің бойынан естен адасқан философ емес, өте данышпан, көреген тұлғаны байқады.

Шопенгауэр бәріне ортақ бір жүйені құрмақ болып ұмтылған соңғы неміс философы болды. Ол осы арқылы болмыстың негізгі проблемаларының шешімін тауып, оның құпиясын ашуға тырысты. Замандастары мен келесі буын ұрпақтары көбіне жақтыра бермейтін ойшылға адамдар тарапынан көптеген айыптаулар тағылғанымен, ол «Ерік пен идея ретіндегі әлем» деп аталатын ауқымды трактатта адамзат баласына өте әсем аналитикалық жүйені құрап кетті.